



«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
«Шаңырақ» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК



«Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау»
«Бағдаршам және біз!»

Өткізген:
Тәрбиеші Алдиярова Н.К.

Хромтау ауданы, 2024 жыл, қараша айы.

«Бағдаршам және біз!»

(сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары)

Максаты: Балаларды жолда жүру ережесіне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру.

Балаларды жолда жүру ережесін мұқият сақтауға, жауапкершілік сезімдерін дамыту.

Баланы зейінді, епті болуға тәрбиелеу.

Әдіс — тәсілі: Өңгімелеу, түсіндіру, ойын сұрақ — жауап.

Көрнекілігі: бағдаршам, жол белгілері, жол қауіпсіздігі туралы суреттер..

Жұмбақ:

— Балалар қәне мен сендерге

жұмбақ жасырайыншы?

Жасыл көзі «жүр» дейді.

Қызыл көзі «тұр» дейді

Сары көзі «дайын бол» дейді.

Бұл не? (Бағдаршам)

— Дұрыс айтасыңдар, балалар.

Бүгін Бағдаршаммен, яғни жолда жаяу жүру ережесімен танысамыз. (балалардың назарын тақтаға аудару)

— Суретте не көріп тұрсыңдар?

— Үш түсті кім атап береді?

— Осы үш түсті біріктірсе, не пайда болады?

Бағдаршам.

үш түсті дөңгелек бар.

— Қызыл түс.

— Сары түс.

— Жасыл түс.

Бағдаршам.

— Өте дұрыс, бұл бағдаршам екен. Қазір мен бағдаршамның не үшін керек екенін айтып берейін. Сендер мұқият тыңдап алыңдар. Бағдаршам бізге жол қиылыстарынан өтуге көмектеседі. Жаяу жүрушілерді жол апатынан сақтайды. Жолдан өтерде өте мұқият болу керек. Жолдан жүгіріп өтуге болмайды.

Бағдаршамның үш көзі — үш түрлі. Бағдаршам бар қиылыста адамдар өтетін ақ жолақтар болады. Бағдаршамның қызыл көзі жанғанда көліктер тоқтайды, ал адамдар жаяу жүрушілер ақ жолақтармен өтеді.

— Ал, ортадағы сары көзі жанса, көліктер дайындалады.

— Ал жасыл көзі жанса, жол ашылады, көліктер жүреді. Бағдаршамның үш көзі жаяу

жүргіншілерге және көлік пен жүруге де өте қолайлы, адам өміріне орасан зор. Олай болса, көшеден өткенде арнайы ақ жолақтардан өту керек. Жол қиылысында аса абай бол, көшелерде, жолдарда доп ойнауға, шанамен сырғанап ойнауға, болмайды балалар.

Ғажайып сәт. Ортаға жол сақшысы келеді.

— Сәлеметсіңдерме балалар?

— Балалар бізге қонаққа кім келді?

— Жарайсыңдар, балалар! Жол сақшысы жолда жүру ережесін қадағалайтын маман иесі. Қанекей балалар, жол сақшысымен жолда жүру ережесімен танысайық!

Ойын: «Жолдан өту»

Шарты: Жол сақшысының көмегімен жолдан өтуі тиіс.

— Жарайсыңдар балалар,

Жол сақшысы бізге қандай ақыл – кеңес берер екен?

Жол сақшысы:

— Қызыл көзі жанғанда,

Сынық сүйем бас па алға,

Сары көзін ашқанда,

Қарап қалма аспанға,

Жасыл көзін ашқанда,

Өте бергін жасқан ба.

«Бағдаршам» әнін тыңдау.

— Жол сақшысы сізге көп рахмет! Бізге қонаққа келіп, балаларға ақыл – кеңес бергеніңізге рахмет айтамыз.

Жол сақшысы:

— Жарайды балалар сендерге де рахмет, ал енді, мен өз қызметіме барайын! Жолда жүргенде «Бағдаршамға» назар аударып өтіңдер! Сау болыңдар балалар!

Сергіту сәті.

— Ал, балалар, кәне сәл демалып алайық.

— Олай болса балалар, «Бағдаршам» ойынын ойнаймыз.

Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.

Шарты: Балалар қызыл түсті дөңгелекті көрсеткенде тыныштық сақтайды, ал сары түсті дөңгелекті көрсеткенде алақандарын соғады, ал жасыл түсті дөңгелекті көрсеткенде жүреді.

— Жарайсыңдар балалар, ойын сендерге ұнады ма?

— Ендеше балалар, ары қарай ойын іс-әрекетімізді жапсырумен байланыстырайық!

«Бағдаршамды» ақ қағазға рет – ретімен орналастырайық!

— Жарайсыңдар балалар!

— Кәнекей бәріміз

«Тәртіп керек баршаға» өлеңін жаттап алайық

«Бұзба көше тәртібін,

Ұрынасың апатқа.

Қызықты өтсін әр күнің,

Жақын болма шатаққа»

Балалар өлеңді қайталап, жаттайды.

— Балалар бүгінгі ұйымдастырылған ойын-іс-әрекетінде не туралы өттік?(бағдаршам)

— Бағдаршамның неше көзі бар? (үш)

— Қандай?

— Жаяу жүрген кездегі белгілер қандай белгілер? (ақ-қара жолақша жолдар)

Жол тәртібін білейік.

Аман — есен жүрейік!

— Балалар, ұйымдастырылған ойын іс – әрекетіне өте жақсы қатыстыңдар. Жолда жүру ережесін жақсы меңгерген сияқтысыңдар. Бағдаршам туралы әңгімеміз аяқталды.

